

327
M12

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы



МӘЖІДЕНОВА Д. М.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

Астана
2010

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы**

Мәжіденова Д. М.

**ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:
ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ**

**Астана
2010**

327

~~УДК 94 (574)~~

~~ББК 63.3 (5 каз.)~~

~~М-34 12~~

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының Ғылыми кеңесі ұсынған

Рецензенттер:

Жүнісова Ж. Х. – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор

Төлешова Л. Х. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Мәжіденова Д. М.

Дипломатиялық қызметтің тарихы: моногр. / Д. М. Мәжіденова – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2010. – 240 б.

ISBN 978 - 601 - 287 - 016 - 9

Ұсынылған еңбек дипломатиялық қызметтің тарихы мен тәжірибесіне арналған. Монографияда әртүрлі тарихи кезеңдердегі мемлекеттердің дипломатиялық қызметі институттарының түзілуі мен дамуы жан-жақты көрсетілген.

Автор халықаралық қатынастар саласындағы ғалымдар мен мамандардың, магистранттар мен студенттердің бұл еңбекті оқу үрдісінде және дипломатиялық тәжірибеде іс жүзінде пайдаланатындықтарына зор сенім білдіреді.

УДК 94 (574)

ББК 63.3 (5 каз.)


© Мәжіденова Д. М., 2010

© Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы

ISBN 978 - 601 - 287 - 016 - 9

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I. Көне шығыс дипломатиялық тәжірибесінің қалыптасуы	6
II. Ежелгі Грекия мен Рим дипломатиялық қызметінің құралдары, формалары және тәсілдері	45
III. Византияда дипломатиялық істің ұйымдастырылуы	69
IV. Ресейдегі дипломатиялық қызметтің орнығуы	84
V. Ортағасырлық шығыстың дипломатиялық қызметінің жан-жақты дамуы	112
VI. Қазақ хандығының дипломатиясы	162
VII. Қайта өрлеу қарсаңындағы итальян республикаларының дипломатиялық қызметі	180
VIII. Еуропа мемлекеттері дипломатиялық тәжірибелерінің жаңа дәуірдегі дамуы	194
IX. Вена регламентінің тарихи маңызы	216
Қорытынды	220
Пайдаланылған әдебиет тізімі	224



КІРІСПЕ

Мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігінің ең басты көрсеткіштерінің бірі – ұлттық мүдделерді қорғау және ішкі даму міндеттерін табысты шешу жолындағы сыртқы саясат. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатты тиімді жүргізуі оның біздің заманымыздың үшінші мың жылдығына аймақтық және әлемдік экономикалық әрі саяси үрдістерде белсенділік дәрежесі өрістеуші ірі мемлекет ретінде кіруіне мәнді түрде мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қызметі елдің Конституциясына сәйкес мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтауға бағытталған¹.

Мемлекеттің сыртқы саладағы қызметтерінің табысты іске асырылуы, Қазақстан саясатының стратегиялық және тактикалық міндеттерінің халықаралық сахнада шешілуі белгілі дәрежеде Сыртқы істер министрлігіне және оның шетелдегі құрылымдық бөлімшелеріне байланысты. Н. Ә. Назарбаев 1996 жылғы қыркүйекте Сыртқы істер министрлігі алқасында сөйлеген сөзінде: «Ол (министрлік – Д. М.) Президенттің сыртқы саясатын тиімді жүзеге асыруға жауапты атқарушы орган»², – деп атап көрсетті.

Қазіргі әлемдік даму үдерістерінің күрделенуіне және ортаазиялық өңірдің геосаяси рөлінің өсуіне байланысты Республикадағы дипломатиялық қызметтің әрбір бөлімшесіндегі кадрлардың кәсіби біліктілігі және ұйымдастырушылық қабілетіне қойылатын талаптардың арта түсетіндігін болжау қиын емес.

Осы орайда дипломатиялық қызметтің әлемдік және отандық тәжірибесін ғылыми тұрғыдан зерделеудің маңызы зор. Аталған зерттеулер дипломатиялық қызмет институттарының қалыптасуының негізгі сатыларын анықтауға және әртүрлі дипломатиялық атрибуттардың, формалар мен әдістердің жетілу логикасын, ұйымдастыру және функциялаудың ұлттық және халықаралық нормаларын қалыптастыру қағидатын түсіндіруге, өткен дәуірдегі және салыстырмалы түрде алғанда бүгінгі төтенше дипломатиялық жағдайлардан тарихи сабақ алуға мүмкіндік береді.

¹ Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Алматы, 1998. 25 б.

² Казахстанская правда. 1996. 13 сент.

Дипломатиялық қызмет тарихы ғалымдар мен мамандарды бұрыннан қызықтырып келеді. Ұсынылған монографияда дипломатиялық қызмет тарихы ежелгі дәуірден ХІХ ғасырдың басына дейінгі аралықта әлемдік саясаттың даму жағдайына байланыстырыла жан-жақты баяндалады. Жұмыстың тиісті бөлімдерінде алғашқы қауымдық құрылыстағы қоғамаралық қатынастарды қалыптастырудың және реттеудің көздері, Ежелгі Шығыстың, антикалық мемлекеттердің, Византияның, Батыс және Шығыс мемлекеттерінің орта ғасырдағы, Қайта өрлеу дәуіріндегі және Жаңа кезеңдегі дипломатиялық қызметі де қарастырылады. Сонымен қатар еңбектің маңызды бөлімдерінде ежелгі түркі мемлекеттеріндегі, Алтын ордадағы, қазақ мемлекетіне дейінгі қайта өрлеу мен Қазақ хандықтарындағы дипломатиялық практика құралдарының, формалары мен әдістерінің қалыптасуы мен даму мәселелері туралы сөз қозғалады.

Әртүрлі мемлекеттердің құқықтық-нормативтік актілері, сыртқы саясат ведомстволары мен елшілік миссияларының қызметін реттеу бойынша нұсқаулар мен жарлықтар, дипломатиялық мекеме жетекшілері мен қызметкерлерінің баянжазбалары және есептері, сондай-ақ басқа да дипломатиялық іс қағаздары материалдары монографияның дереккөздері болып табылады. Олар дипломатиялық қызмет құралдарын қалыптастырып, жетілдіруге байланысты нақты тарихи жағдайларды зерделеуге мүмкіндік берді, ұлттық ерекшеліктерді анықтауға, бірқатар жағдайлардағы өзара ықпалдасу ерекшеліктерін көрсетуге және кейбір мемлекеттердің дипломатиялық дәстүрлерінің сабақтастығын айқындауға көмектесті.

I. КӨНЕ ШЫҒЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Бүгінгі Шығыстың дипломатиялық қызмет тамыры тереңде жатыр. Алғашқы қоғамның өзінде тайпааралық қатынастарды реттейтін тетіктер қалыптасқан. Бұл ойға көрші тайпалармен келіссөздер жүргізу үшін тиісті адамдар шеңберін айқындап отырған және Солтүстік Америкадағы үндістердің тайпааралық қатынастарына орай құрылған қоғамдық органдарға назар аударған XVII ғасыр мен XIX ғасыр басындағы еуропалық саяхатшылар мен зерттеушілердің зерттеулері жетелейді. Сол кездің өзінде елшілерге айрықша сыртқы белгілер тағылып, олар қалыптасқан белгілі бір этикет бойынша қабылданған және дербес құқыққа ие болған. Келісімдер көкейде толық жатталып, тайпа көсемдеріне ауызша түрде сөзбе-сөз жеткізіліп отырған. Келісімдер жасау, ант беру және басқа да сөйлесімдер жүзеге асырылып, келісімнен айну қылмыстық әрекет ретінде қарастырылған.

Тарихи даму үдерістеріне белсенді қатысу ерте кездерде жекелеген тайпалармен шиеленістерді шешу, сауда байланыстарының шекараларын айқындау және басқа да түрлі мақсаттардағы келіссөздер жүйесін дамытуды талап етті. Тайпааралық жиналыстар шақырылып, барлық тайпа өкілдерінің қатысуымен арадағы ортақ мәселелер талқыланып отырған. Қарулы қақтығыстар кезінде майдан даласынан құрбан болғандардың денесін алып кету үшін, белгілі бір уақыт аралығында соғысуды доғара тұру туралы (жаушылар арқылы) өзара шарттасу тәжірибесі де болған. Соғысар алдында жаршының ақ жалау немесе зәйтүн ағашының бұтағын ұстап, қарсы жақ әскерінің қолбасшысына өз басшылығының тапсырмасын жеткізіп болған соң, аман-есен өз жағына қайта орала алғандығына қарасақ, жаршылардың иммунитеті көне нормалардың бірінен екендігін көреміз.¹

Соғыстарды алдын алу және сыртқы қатынастардағы мүдделерге қол жеткізу құралы ретінде дипломатиялық қызмет Көне Шығыс мемлекеттерімен бір уақытта пайда болған және шешілуі

¹ Watson A. The Evolution of International Society. A Comparative Historical Analysis. L.-NY., 2001. P. 31.

қажет міндеттердің көлеміне қарай күрделене түскен тәсілдер мен формаларға ие болған.

Египет, Шумер, Ассирия, Вавилон, Иран, Үндістан, Қытай секілді көне мемлекеттер тарихы олардың дипломатияны өнер ретінде табысты меңгергендіктерін, сыртқы саяси қызметті ұйымдастыру мен дипломатиялық қызмет институттарын құруда тиімді болғандығын дәлелдейді.

Көне Шығыс тарихы дипломатиялық құжаттарда, келісімдер мен жолдауларда және басқа да халықаралық актілерде хатталған және осы құжаттардан жан-жақты саяси, сауда қатынастарын көруге болады. Дипломатиялық жазбалар және ресми құжаттар саяси қызмет формаларының бірі ретінде саналып, сол кезеңдердегі белгілі бір тенденциялар мен дипломатия тәжірибелеріне тән өзгешеліктер туралы ақпарат береді.

Халықаралық келісімдердің ең көнесі – Элам билеушісі және Аккада патшасы арасындағы келісім б. з. д. XXIII-ғасырға жатады. Шығыстағы ең көне дипломатиялық құжат б. з. 2500 жыл бұрын сынамен жазылған хат болып табылады. Италияндық археологиялық экспедиция тарапынан 1970 жылдары Эбла сарайының мұрағатынан табылған бұл жолдау Эбла патшалығынан (Жерорта теңізі аумағы) Хамази еліне (бүгінгі Иранның солтүстік аудандары) жолданған. Іс қағаздарын жеткізуші хатында былай делінген: «Патша сарайының іс басқарушысы Ибубу хат тасушыға айтты: «Сіз менің, ал мен Сіздің бауырыңызбын. Бауырыңыз ретінде қалауыңыздың бәрін жасаймын, Сіз де менің қалауымды жасаңыз. Маған мықты жалдамалылар [немесе жүк тасымалдаушы жануарлар] беріңіз. Өтінемін, жіберіңіз соларды. Мен, Ибубу, хат тасушыға (сізге арналған) он бау самшит, екі шана самшит бердім. Иркаб-Даму, Эбла патшасы, Хамази патшасы Зизидің бауыры және Хамази патшасы Зизи-Эбла патшасы Иркаб-Дамудың бауыры. Жазған Тира-Ил, хатшы. Зизидің хат тасушысы үшін»¹.

Осы жолдаудың өзінде бүгінгі күнгі дипломатия тарапынан да кең қолданылып отырған элементтер кездеседі. Атап айтқанда, екі егемен мемлекет арасындағы белгілі бір деңгейде қалыптасқан

¹ Cohen R. Reflections on the New Global Diplomacy: Statecraft 2500 BC to 2000 AD // Innovation in Diplomatic Practice. NY., 1999. P. 3.

қарым-қатынас, алыс қашықтықтағы мекендерге хат жеткізу үшін курьердің қызметін пайдалану, тең дәрежелілік тұжырымдамасы тапсырмасын айтудың жалпы қалыптасқан түрін біріктірген хаттама, тайпааралық туыстық сезім, өкілдер арқылы сыйлықтар беру және т. б.¹.

Тіпті, Эбла мен Ашшур мемлекеттері арасында жасалған ең ежелгі ұйымдық сауда келісімінде көпестердің құқықтары мен міндеттері, қол қоюшы тараптарға тиесілі әрбір сауда бекеттерінің мәртебесі айқындалған. Таңқаларлығы, аталған келісімнен екі жақтан салық салу, эмиссарлардың ары-бері өту реті, сатып алынған тауарлардың қозғалысы, зақымдалған не жоғалған тауарлар үшін айып салу, үшінші жақ елмен сауда жасауды шектеу, жеке басқа келтірген шығын үшін айыппұл төлету секілді баптардың тізімін табуға болады². Эбла мемлекеті бұл секілді «коммерциялық, одақтық» келісімдерді басқа да елдермен жүзеге асырған. Зерттеушілердің пікірінше, Эбла мемлекеті ірі халықаралық орталық бола отырып, сауда және саяси байланыстарды шалғай жатқан тәуелсіз елдермен де орнатқан. Бұл мемлекеттің құдіреттілігі саудада болған³. Саяси байланыстар және саудамен айналысу экономикалық операцияларын жүзеге асыруға қатысты нақты халықаралық-құқықтық мәселелердің ортаға шыққандығын көрсетеді. Алдыңғы Азияда б. з. дейінгі екінші мыңжылдыққа қатысы бар көптеген халықаралық коммерциялық келісімдер табылған.

Мемлекетаралық қатынастар Көне Шығыста жаушылар арқылы іске асырылып отырған. Қытайдың Орта патшалығының делінетін «Синуха повесінде» мынадай фрагмент бар: «Солтүстік не оңтүстік резиденцияларға аттанған жаушылар маған тоқтайтын»⁴.

Ғылымдағы ең белгілі көне дипломатиялық құжат XVIII династия дәуірінің соңындағы мысыр перғауындарының эл-Амарн мемлекеттік мұрағаты және Хетт патшалығының мемлекеттік келісімдері, б. з. дейінгі XVI ғасырдағы Угарита елінің ресми құжаттары және т. б. болып табылады. Әр жылдары табылған мем-

¹ Cohen R. Op. cit. P. 3.

² Pettinato G. Ebla: A New Look at History. Baltimore: J. Hopkins University Press. 1991. P. 229-237.

³ Ibidem. P. 107

⁴ Хрестоматия по истории Древнего Востока. «Повесть о Синухе». М., 1997. С. 38.

лекеттік мұрағаттардың дәлелдегеніндей, Мысыр, Хетт мемлекеті, Митгани, Вавилон, Ассирия, Угарит, Кипр, Элам және басқа да елдер кейіннен «амарндық кезең» деп аталған дипломатиялық қауымдастықта болған. Аменхотеп IV перғауынның резиденциясын қазу жұмыстары кезінде, Амарнда табылған эл-Амарн жазбаларынан көретініміздей, Мысыр елі өз кезінде көрші елдермен сауда және дипломатиялық байланыстарға түскен. Мұрағат мазмұны Вавилон, Ассирия, Кипр, Митгани, Хетт мемлекеттері билеушілерінің, сонымен қатар сирия-палестин князьдерінің мысыр перғауындарына жіберген дипломатиялық жолдауларынан тұрады. Осы мұрағат материалдары дипломатиялық қызмет тарихындағы ең көне дерек көздерінің бірі болып табылады және мемлекетаралық байланыстардағы кикілжіндер мен қайшылықтарды болдырмау бойынша арнайы адамдар тобы елшілер институты, хат авторының және оның артында тұрған елінің ізгі ниетін және міндетті құрмет білдіру формуласын байқата отырып, хат жазысу, Алдыңғы Азияда ортақ мүдделер айналасында мемлекетаралық одақ құру секілді формалар мен құралдардың қаншалықты жиі қолданылғандығын айқындауға мүмкіндік береді. Жолдаулар алушыға сөзбен назар аудару, негізгі ой, соңына қарай қошемет білдіру секілді дипломатиялық хат жазысудың барлық канондары сақтала отырып түзілген. А. Г. Бокщаниннің әділ атап көрсеткеніндей, эл-Амарнда табылған сына жазулы хаттарды қазіргі заманның дипломатиялық ноталарымен салыстыруға болады¹. Амарндық кезеңде аймақтағы мемлекеттер арасында басты сипаты тұрақты барыс-келіс болып табылатын дипломатиялық жүйе дамыған.

Сонымен қатар жоғарыда эл-Амарндық делінген мұрағат Алдыңғы Азия мен Мысырда ерте кезеңдерде дипломатияның жоғары деңгейде дамығандығын дәлелдейді. Бұл елдер келіссөздер жүргізіп, арнаулы елшілер көмегімен шиеленістерді шешіп отырған және династиялық некелердің бекітілуімен әскери-саяси одақтар құрған. Ол кездері саяси тарих күрделі болғандығы белгілі, сондықтан да Алдыңғы Азияның әлсіз мемлекеттері күшейіп келе жатқан Хетт мемлекетіне төтеп беру үшін Мысырмен одақтасудың

¹ Бокщанин А. Г. История международных отношений и дипломатии в Древнем мире. Стенограмма лекций. М., 1948. С. 9.

жолын іздеген. Мысалы, хеттердің зор ықпалына қарсы Миттани елі Мысырмен одақтық келісімге қол қойғандығы белгілі.

Көненің дипломатиялық құжаттары жақсы сақталған, сына жазумен жазылған олардың кейбірінде тіпті қызыл бояудан тұратын арнаулы белгілер де бар. Бұл белгілерді, басқа тілдерден аудару жеңіл болуы үшін, мысырлық хатшылардың жасағандығы сөзсіз¹.

Келісімге келген тараптар жағынан мойындалған ұзақ мерзімді мақсаттар мен сол мақсаттарға алып баратын алғышарттарды түрлендірудің және келісім баптарына қалай болса солай түсінік беру мүмкіндігінің алдын алу қажеттілігі сол мезгілдің өзінде қол жеткізілген ресми келісімдерді жазбаша хаттау тәжірибесін тудырды. Келісім мәтіндерінің қолдан жалған жасалып кетпесі үшін әр мәтінді куәландырушы бейнелер де ойлап табылды. Дәл осы жағдайды ғылымдағы ең алғашқы жазбаша келісім б. з. дейінгі 1278 жылы мысырлық перғауын Рамсес II мен хетт билеушісі Хаттусили III арасында жасалған бейбітшілік туралы жазбаша уағдаластықтан көруге болады. Келісімге келісуші тараптар арасындағы өзара байланыстардың тарихи анықтамасы, қол қою және «мөр» арқылы бекітілген негізгі баптар мен қорытынды да енген. Дипломатия өнерінің барлық ережелеріне сай жасалған осы келісім Сирияға ықпалын жүргізу үшін мысырлықтар мен хеттер арасында орын алған соғыстар легін тоқтата алған. Сирия жері Месопатамия мен Жерорта теңізіне баратын сауда жолының үстінде жатқандықтан, көрсетілген заманда Алдыңғы Азия елдерінің арасында көптеген жылдар бойы алауыздықтың өршуіне түрткі болған. Ал Рамсес II-нің бұрындары Мысырдың қол астында болған жерлерін кері қайтарып алу мақсатында Алдыңғы Азияда ауқымды басқыншылық саясат жүргізгендігі тарихтан белгілі.

Жоғарыдағы келісім хетт билеушісінің бастамасы бойынша жасалған, себебі ұзаққа созылған қақтығыс екі жақтың да күшін құлдыратқан еді. Келісім шартына сәйкес, Сирия келісімге келуші тараптарды тиесілі екіге бөлген. Осы келісім орын алмастан бұрын ұзаққа созылған келіссөздер жүргізілді. Хетт елшісі мысыр аудармашысының еруімен мысыр астанасына келіп, өз әміршісінің атынан мөрмен таңбаланған, өз құдайларының аймалауындағы

¹ Бокшанин А. Г. Шығ. белг., 9 б.

хетт билеушісі мен әйелінің бейнесі салынған күміс тақтайшадағы сына жазулы келісім-шарт мәтінін мысыр перғауынына ұсынған.

Күміс тақтайша орнына айырбасталған перғауынның келісім-шарты сол кезде халықаралық болып есептелген аккад тілінде жазылған.

Онда мынадай жолдар бар: «Хетт билеушісі Хетесер [Хаттусили III], қашан да аман, дені сау болсын, құдіретті Ра ұлынан [Жоғарғы және Төменгі Мысыр әміршісі], Рамсес-Мериамоннан бейбіт тұруды өтіну үшін өз елшісі Теретсеб пен өз елшісі Рамостың қолымен күміс тақтайшаның көшірмесін жеткізуді әмір етті»¹. Құжат мысыр перғауыны мен хетт патшасының барлық атак, лауазымдарын тізіп шығумен басталып, бұрын қол жеткізілген екіжақты келісімдерге назар аударумен жалғасады. Екі билеуші де қастық әрекеттерін тоқтатып, бейбіт тұруды міндет етіп алады және бір-бірінің есебінен басқыншылықпен айналысудан бас тартып, өзіндік сипаты бар қорғаныс одағын құрды. Келісімде бұған қатысты жазылғаны: «Егер басқа бір жау Мысыр әміршісінің жеріне аяқ басса, ол «Оған қарсы тұруға маған көмекке кел» дегенді айтып, хетт билеушісіне хабар жібереді және ол дұшпанды жеңіп шығады»². Дәл осылай егер хетт билеушісінде жау пайда болса, «Рамсес-Мериамон [Мысырдың ұлы әміршісі] жауды жеңу үшін оған көмекке келеді». «Егер Рамсес өзі келуді қала[ма]са, дереу өзінің жаяу және арбалы әскерін береді және жауды солар жеңсін»³. Одақтастық міндеттемелер жүктейтін бұл келісім сол дәуірлерде күшейіп келе жатқан Ассирия еліне қарсы бағытталғанын белгілі бір сеніммен айтуға болады.

Сонымен бірге келісуші тараптар қарсы жақтан келген қашқындарды қайтарып беру міндетін мойындарына алды: «Егер Мысырдың жоғары дәрежелі адамдары не Мысырдың ұлы әміршісі Рамсес-Мериамонның жеріндегі мекендерден біреулер хетт билеушісінің еліне қашып келсе, хетт билеушісі оларды алмаулары тиіс. Хетт билеушісі оларды Мысырдың ұлы билеушісіне... олардың қожайынына кері жеткізілуін бұйыруы керек»⁴. Өз

¹ Мирный договор между Рамсесом II и хеттским царем Хаттусили III // Хрестоматия по истории Древнего Востока в 2-х частях. Ч. 1. М., 1980, С. 80.

² Мирный договор. Шығ. белг., 81 б.

³ Сонда, 82 б.

⁴ Сонда, 81-82 бб.

кезегінде Мысыр да келген саяси қашқындарды хетт еліне кері қайтарып тұруға міндеттеме алған.

Ежелгі замандарда келісілген міндеттемелерді бұзу қоғамдық айыптауға әкелетіндіктен, келісімдердің нақты және дұрыс орындалуының куәгерлігі мысыр және хетт құдайларына жүктелген: «Бұл сөздерге [келісімшарт – М. Д.] келер болсақ, мындаған хетт және мындаған мысыр құдайлары куәгерлер ретінде, мен де (?), олар осы сөздерді орындайды»¹. Тараптар келісімнің қатаң түрде орындалатындығына бірін-бірі сендірген.

«Күміс тақтайшадағы Мысыр мен хетт елі үшін түзілген Сөзге [келісімшарт] келер болсақ, егер кімде-кім оны сақтамаса, хетт елінің мындаған құдайымен бірге Мысырдың мындаған құдайы [оны] үйінен, елінен, қарамағындағылардан бездіріледі»². Тараптар келісімнің барлық талаптарын сақтайтын болса, құдайлар оларға денсаулық пен ұзақ ғұмыр береді. Бұл жолдар келісімдер дүниеге келген дәуірлердің өзінде мемлекетаралық байланыстардың өзіндік ережелері мен нормаларының қалыптасқандығын көрсетеді. Бұған қоса келісімде мысырлықтар мен хеттіктер арасындағы бейбіт байланыстардың жалпы сипаттамасын да беріп өткен. Келісім жоғары және салтанатты мәнерлілігімен ерекшеленіп, «ғасырлар бойына бейбіт өмір сыйлайтын туыстық пен бейбітшіліктің керемет келісімшарты» деп аталған³. Осылайша аталған келісім тараптардың өзара дербестігін үшінші шабуылдаған жағдайда ғана көмек берілуін және қашқындардың кері қайтарылуын қамтамасыз етті. Бұл екі жақтың да *status quo* қалпын сақтауға мүдделі болғандықтарын байқатады. Келісімшарттың тағы бір қыры, ол екі ел арасындағы қатынастардың белгілі бір кешенін реттеп берді, мәтін кіріспе бөлімнен тұрды және келісуші жақтар билеушілерінің атақ-лауазымдарының тізімдемесі, олардың өзара міндеттемелері секілді тұстарын анықтап отырды. Мәтіннің өзін талқылаудан өткізгенде байқалатыны – сол кездегі қиын халықаралық мәселелерді шешуде дипломатиялық техниканың тиімді сұрыпталып қалғандығы. Бұл Мысыр мен хеттіктер арасындағы достық, бірлесе қорғаныс және соғыс ашу сипатын-

¹ Мирный договор. Шығ. белг., 82 б.

² Сонда.

³ Сонда, 80 б.

дағы одақ болған. Екі жақ та келісім бойынша тең әріптестер. Ал құжат құрылымы мен атрибуттары бүгінгі құжаттармен көбіне сәйкес келетіні келісім-шарт секілді дипломатиялық құжат дайындау дәстүрінің терең тарихқа ие екендігінің белгісі.

Рамсес II мен Хаттусили III арасындағы келісім алғашқының соңғының қызымен некелесуі арқылы бекітілген болса керек. Мысыр мен Митгани мемлекеті арасындағы терең байланыстар да династиялық неке арқылы бекітілген. Осылайша елшілердің аралығында мемлекетаралық келісімдерді сақтау және орындаудың кепілдеме факторы ретінде династиялық некелесу дәстүрінің негізі қаланды және кейіннен ол Шығыс, Батыс әлеміне таралып, он тоғызыншы ғасырға дейін сақталып тұрды.

Бейбіт келісім Мысырға азиялық елдермен сауда байланыстарын қайта орнатуға мүмкіндік берді. Айналадағы елдерді, ал кейіннен Грекия мен Римді өзіне еліктірген бұл келісімшарт дипломатия тарихы үшін халықаралық құқықтағы ең көне ескерткіштердің бірі ретінде үлкен мәнге ие.

Дегенмен құжатта тек сол замандардағы қоғамға ғана тән көріністегі жерлер де жоқ емес. Мысалы, мемлекет ұғымының жоғары билікте отырған тұлғамен сіңісіп кетіп, келіссөздердің тек билеуші атынан ғана жүргізілуі.

Көне дерек көздерінің көрсетуінше, мемлекетаралық диалог біртіндеп күрделене түскен. Мысырлықтар мен хеттіктердің өзара қарым-қатынастары контексінен қарағанда, олардың диалогтары айрықша қызығушылық тудырады. Өйткені диалог сауда мәселелері мен әскери қимылдарды болдырмау не тоқтату, шекара айқындау, ортақ дұшпанға қарсы одақтастар тарту, тараптардың шекаралық аудандардағы дислокация мерзімі секілді мәселелерді қамтыды. Дипломатиялық диалогтар кикілжіндер мен қарама-қайшылықтарды шешу үшін елшілер арқылы жазбаша немесе ауызша жүргізілген.

Көнеде ресми хаттар жөнелтумен қатар сыйлықтар беру тәжірибесі де болған. Өзара дос елдер елшілері перғауынға сыйлықтар жасап, өз кезегінде соңғысы да тиісінше жауап беріп отырған. Мысыр айналасындағы мемлекеттерді өз орбитасының шегінде ұстап отыру үшін, оларға көбіне алтын жіберу мәжбүрлігі

де болған және вавилондық билеушінің перғауынға арнаған дипломатиялық жолдауында «Маған алтын жібер, көп алтын жібер, елшілер келгенге дейін жібер»¹. Осы бір өнімді тезірек жібер» деп жазуы тегін болмаса керек. Мысырмен достық қатынастың өтеуі ретінде Миттани билеушісі де перғауынның алтын жіберуін табанды түрде сұрайды. Мысыр сыйлық ретінде көрші елдерге алтын ғана емес, зергерлік бұйымдар, асыл түпті ағаштан жасалған жиһаз да жіберіп тұрған. Басқа мемлекет елшілері де дипломатиялық келіссөздерге сыйлықтарын ала келіп, сол тұстағы хаттаманың осы бір бөлінбес тұсын орындап отырған. Көптеген көне құжаттарда өзге ел билеушілеріне берілер сыйлықтың «патшаға түсіріп отырған ауыр жүгі» туралы еске алулары жиі кездеседі. Келіссөздерде материалдық тұстардың мәнге ие болғаны шындық, әйтсе де ең маңызды тұсы саяси аспект болды.

Осылайша дипломатиялық байланысқа қатысты көне құжаттар династиялық некелер, қарым-қатынасты өзара таралғылар арқылы бекіту секілді элементтердің халықаралық тәжірибеге келу жолын куәландырып отыр.

Мысырда ең басты шенеуніктің жетекшілігіндегі сарайшілік салтанатты рәсім (церемониал) қалыптасқан. Ежелгі патшалық кезеңінде Мысырда теңіздің арғы шегіне экспедиция ұйымдастырған «мөр сақтаушы» болып, Орта патшалық кезінде (б. з. д. 2150–1710) көрші елдермен байланысты ұстап отыратын адамдардың арнайы мамандығы болған². Аукымды дипломатиялық жазбалар жүргізу жұмысы Мысырдың шетелдер ісі бойынша мемлекеттік канцеляриясына қараған. Халықаралық байланыстар үшін мысырлықтар аккад тілін қолданып, бұған арнайы хатшылар, яғни шетелдіктермен қатынас мамандары машықтанған. Хатшылар мысырлық қоғамда жоғары орынға ие болған, олардың қарамағына құжат сақтаушылар берілген. Мысырда «құжатпен жұмыс істеудің» белгілі бір дәстүрі болған. Ежелгі мемлекеттерде дипломатиялық құжаттарға ұқыпты қарап, халықаралық келісім актілері ең басты кеңселерде сақталған. Әдетте, хатшылар «жоғары деңгейлі сарай төрелерінің қызметтік қабылдауларына» кірген. Мысырдың Орта

¹ Бокшанин А. Г. Шығ. белг., 14 б.

² Васильев Л. С. История Востока: В 2-х томах. Т. 1. М., 1994. С. 101.

патшалық кезеңіне қарайтын мына бір нақылдың хабары сол кездегі хатшылардың жоғары мәртебесін көрсетеді: Хатшыға келер болсақ, оның орны кез келген жерде, қай жерде болмасын, кедейленіп қалмайды.

Орындаудан бас тартылуы, әскери қимылдарға дейін алып келуі мүмкін белгілі бір әрекетті жүзеге асыру туралы қатаң талап – жазбаша ультиматумның шығуы да көне замандарға кетеді. Гиксос (Мысырға басып кірген тайпа) билеушісі сондай талаптың түрін б. з. д. XVI ғасырда Мысыр билеушісі Фивке жіберген¹.

Б. з. дейінгі екінші мыңжылдықта Мысырды басып алған гиксос патшалары бөгде келімсектерді кері қууды қолға алған мысырлық перғауындардың шабуылына ұшыраған. Кең танымал «Стела Камоса» атты дереккөзінде мысырлық перғауындар династиясының XVII өкілі Камостың гиксостық елшіні ұстап алғандығы айтылады. Осыған орай жазылған жолдауда гиксостық патша Куш елінің иесінен көмек сұрап, Мысыр перғауындарының шабуылын біріге қайтаруды ұсынады. «Аусерра, Ра ұлы, Апопи менің ұлым, Куштың иесіне сәлем береді. Сен неге билеуші атанасың, алайда мені хабардар етпейсің? Немене, Мысырдың маған не істегенін көрмеймісің? Билеуші, Мысырда өмірдің сыйын алған Камоспен мені өз жерімнен қууда. Ол екі жерді де [Мысырды]: сенің де, менің де жерімді кедейлікке душар етті. Қиратты ол. Дереу солтүстікке аттан. Байқа, сен келгенше мен оның жолын кесе тұрамын. Сонда біз Мысырдағы қалаларды [өзара...] бөліп аламыз»².

Жолдау гиксостар мен куш елі арасындағы қатынастардың қалыптасқандығын байқатады. Гиксостар тарапынан ұйымдастырылған астыртын дипломатиялық ойындардың астарында бір кездері Куш еліне қараған мысыр перғауындарына деген куштықтардың жеккөрінішін қайта қоздырып пайдалану жатты³.

Гиксос патшасының ұйытқысымен болған дипломатиялық интригалар арсеналында шебер алдай білу, қарама-қарсылықтарды пайдалану, көзбе-көз мадақтау, Камосты жеңген жағдайда Мы-

¹ Бокщанин А. Г. Шығ. белг., 10 б.

² Новая надпись фараона Камоса. Пер Н. С. Петровского // Хрестоматия по истории Древнего Востока. Ч.1. М., 1963. С. 79.

³ Кормышева Э. И. Интриги в Древнем Египте и Мероэ // Политическая интрига на Востоке. М., 2000. С. 33.

сыр жерін өзара бөліске салу туралы уәде беру болды. Алайда жоғарыда аталған дерек көзінен белгілісі, жаушы Мысырдан Кушка кетіп бара жатқан жерінен ұсталып қалып, жолдау адресатқа жетпеген. Осы бір кішігірім эпизод көнеде де саяси мақсаттарға жету үшін дипломатиялық шеберліктердің қолданылғанын көрсетеді, ал нақтыласа, бұл эпизод – одақтас болу, әскери көмек алу-ды ойластырудың қадамдары. Мысырлықтармен соғыс Яхмос I келіп бар келімсектерді кері қуып тастамайынша жалғаса берген. Жаңа патшалық кезеңінде (б. з. д. XVI–XI ғғ.) Мысыр Алдыңғы Азиядағы мемлекеттер – Миттани, Хетт, Вавилон елдерімен белсенді сыртқы саясат жүргізген.

Б. з. дейінгі XVII ғасырда Кіші Азияда перғауындық Мысырмен бәсекелес Хетт мемлекетінің экономикалық ықпалы артқаны белгілі жайт. Хетт мемлекетінің кемелденуі Алдыңғы Азиядағы елдермен және Мысырмен тығыз байланысты. Хеттерде халықаралық келісімдер жүйесі жоғары даму қарқынына түскен. Хеттіктер тәуелсіз елдермен де, өздеріне тәуелді елдермен де келіссөздерге түсіп отырған.

Хетт патшалары өздеріне бағынышты халықтармен жазбаша келісімдер рәсімдеп, оны екі жақта табынатын құдайлар атымен бекіткен. Оларда бұған қоса қарамағындағы елдермен келісімдерді біржақты бекіте салу секілді айрықша форма да болған¹. Кіші азиялық бірқатар елдер әскери көмек, мөлшерлі салық және шекараны белгілеу секілді жайлар қаралған уағдаластық негізінде Мысырға қосылған. Хеттіктер арнайы салт-жора түзіп шығарып, соған сай бағынышты ел билеушілері салықты уақтылы төлеу туралы міндеттемелер алып, адал қызмет етуге ант берген. Бұдан жауланған жерлерде өз билігін бекітуге хеттіктердің қалай ұмтылғандығын көруге болады. Тіпті олар ант берушінің өз міндеттемелерін орындайтындығына кепіл болу үшін, қайдағы бір үшінші елді мәжбүрлеген. Атап айтқанда, Хетт мемлекеті Паххува патшалығымен келісімге келген кезде, арада үшінші бір елдің билеушісі кепіл болған.

Хетт патшалығы халықаралық келісімшарттардың үлкен тәжірибесіне ие болған. Бұл келісімшарт тәжірибелеріне хетт пат-

¹ Авдиев В. И. История Древнего Востока. М., 1953. С. 345

шасына адал болу туралы ант беру, әскери көмекке келу, шекараны айқындау, шекаралық бекеттерді нығайту, екінші жақтың, хеттердің, мемлекеттік құпияларын сақтауы туралы баптар кірген. Осындай сипаттағы уағдаластық хетт билеушісі Суппилулиумас пен Хайас елінің патшасы арасында жасалған.

Хеттерде сарайшілік этикеттің дамуына байланысты хетт патшасын «менің күнім» деп атау міндеттелген. Осы титул б. з. д. XIV ғасырдағы сириялық билеушілердің дипломатиялық жолдауларында да кездеседі¹.


Зерттеушілер атап көрсеткендей, Қосөзен аралығындағы елдерде дипломатиялық байланыстар ауқымды болған. Дәл осы мекенде алғаш рет түрлі одақтардың комбинациялары жасалып, ірі саяси бірлестіктер пайда болған және кейіннен бірімен-бірі қырғын соғыстар жүргізген².

Әсіресе, Қосөзен аралығындағы кішігірім князьдіктерді біріктіру және күшті орталық мемлекет құру секілді күрделі сыртқы саяси міндетті орындаған үлкен дипломат Хаммурапи кезінде (б. з. д. 1792–1750) Ежелгі Вавилонның сыртқы саясаты кең танылады. Хаммурапи жаңа жерлерді басып алуға ұмтыла отырып, әскери күшті ғана емес, дипломатияның түрлі құралдарын да шебер қолданып отырған. Ол сақтығымен, икемділігімен және өз дәуіріндегі саяси жайттарды сауатты бағамдай алуымен ерекшеленген. Көрші мемлекеттер арасындағы қайшылықтар мен шиеленістерді өз пайдасына орай шебер қолданып отырған. Мысалы, Мари елінің басшысы Зимрилиммен әскери одақтасқан ол өз жауларын түгелдей жеңіп шыққан. Әрі Хаммурапи Зимрилимнің көмегі арқылы Урук, Исин, Үр секілді шумерлік қалаларды басып алып, Қосөзеннің орталығындағы жерлерде билігін орнатады. Соңғысы Хаммурапидің басқыншылық саясатын жүргізу тұсында бірнеше рет көмекке келіп, Жоғарғы Қосөзенде бірлесе әскери қимылдар жасаған. Әйтсе де уақыт өте Хаммурапи Мари билеушісімен қатынасты үзіп, оның елін де өзіне қаратып алған.

Өзара көмек туралы уағдаластыққа қол қойған елдер жаушылық қатынастағы үшінші бір жақпен саяси-экономикалық тығыз

¹ Авдиев. Шығ. белг., 348 б.

² Бокщанин А. Г. Шығ. белг., 10 б.



байланыс жасауға құқығы болмады. Бұл жолдар вавилондық билеушінің мысыр перғауынына қойған қарсылық хаты туралы болып тұр. Соңғысын керуен жолдарының қауіпсіздігіне қатысты тиісті шараларды қабылдамауымен қоймай, «Вавилонға дұшпан ниетіндегі Ассирия елшілерін өз сарайында қабылдадың» деп те жазғызған. Осы дерек Алдыңғы Азия аймағына ықпал ету үшін жүргізілген күрестердің сөзсіз көрінісі бола алады. Осы мақсатта Вавилон Ашшура, Мари және басқа да Месопотамия елдерімен қызықты хаттар алысып, елшілер алмасқан.

Б. з. дейінгі XIII ғасырдың соңында Вавилонды, Мысыр мен Сирияның солтүстік бөліктерін бағындырған Ассирия елі үлкен саяси күшке айналған. Ассириялықтардың бұл жетістіктеріне жақсы қаруланған армия ғана емес, ел билеушілерінің көршімен табысты келіссөздер жүргізе алуларына да жағдай жасаған¹. Патшалық елші тарапынан Вавилон халқына жолданған Ассирия билеушісінің мынадай жолдауы сақталған: «Осы оқиғадан кейін жүректерің қызық пен қуаныштан жарылсын... Сендер маған жау жақты қабыл алып, құдай атынан берген анттарыңды бұзғандарың үшін салық пен күнәға батасындар. Байқандар, өздеріңе жазғанымдай, ана қарақшының бос сөзіне сеніп, аттарыңды былғап алмаңдар»². Жолдаудың жазылуына белгілі бір жайлар себепкер болған. Алдымен Ассирия патшасы Ашшурбанипалудың Вавилондағы бас адамы Шамаш–Шумукин өз қожайынына сатқындық жасап, қарамағындағы елді тәуелсіз деп жариялаған, артынша айналасындағы елдерге елшілерін жіберіп, оларды мығым Ассирия мемлекетіне қарсы одақ етіп тартуға күш салған. Ассирияның күшейіп бара жатқандығы басқаларды да алаңдататындықтан, Лидия, Мысыр, Элам және басқа да елдер бірігіп, одақ құрған. Бұнда басқалармен байланыс орнатуда дипломатиялық арналарды қолдану табысқа жеткізген. Алайда жоғарыдағы Ашшурбанипалудың жолдауы вавилондықтарға өзі үшін оң ықпал етіп, Вавилон Ассирия ықпалының орбитасынан шыға қоймаған. Жолдаудың соңында оның мерзімі көрсетіліп, патша елшісінің қолына тапсырылғандығы туралы белгі хабар жазылған.

¹ Бокщанин А. Г. Шығ. белг., 18 б.

² История дипломатии. Т. 1. М., 1941. С. 27.

Ассирия керуен жолдарының тоғысқан тұсында жатқандықтан, ондағы транзиттік сауда қалалардың дамуына әсерін тигізген. Сонымен қатар Ассирия басқа да аймақтарда бірнеше сауда колонияларына иелік етіп, сол колониялардағы қарым-қатынастарды реттеу барысында күрделі халықаралық құқықтық мәселелермен бетпе-бет кездесіп отырған¹.

Ассирия билеушісі сарайындағы елшілерде бүгінгі дипломатиялық корпусқа сәйкес ортақ ұқсастықтар болған. Елшілер түрлі жолдаулар алып, әр жаққа аттандырылған және өз билеушісі атынан ресми шараларға қатысқан. Ассириялық билеушілердің көршілес елдерге елшілік және бақылаушы функциялармен жіберілген адамдары тыңшылық әрекетті де қатар алып жүріп, соның нәтижесінде шетелдегі ахуалдарды жақсы біліп отырған². Дұшпан елдер мен әлеуетті одақтастар ортасында орналасқан олар елшіліктер құрамындағы патшалық өкілетті тыңшылардан алған ақпараттарды өз мүдделері үшін шебер қолданған. Сенімді ақпараттарға сүйеніп, әскери әрекеттерді бастар алдында дипломатиялық негіздерді жасаған. Ассирия патшаларының билігі кезінде коалициялық одақтардың құрылуына тән және олар көрші елдердің өздеріне қарсы бірігіп кетпеулері үшін алынған ақпараттарды тиімді пайдалана алған. Осы күнге дейін жеткен ассириялықтарға тиесілі құжаттарда Вавилон, Урарту, Элам және басқа да елдердің жағдайлары, жекелеген билеушілердің жұмыстары, әскери күштердің қозғалыстары, соғысқа дайындық, құпия келісімдерге бару, шетелдік елшілерді қабылдау салты және тағы да сол сияқты көптеген қызықты деректер бар.

Ассириялық билеушілер үгіттеу, шешендік қабілет арқылы қандай да бір шешімнің өздері үшін оң қабылдануына ықпал ету мақсатымен басқа елдерге көптеп елшілерін жіберген. Өз елдерінде болса сарайшілік күрделі салт-жораларды анықтайтын арнаулы үкімдер шығарған. Атап өтуге тұрарлық жайт, көптеген билеушілер өз жолдауларында өзімен деңгейлес басқа билеушілерді мынадай сөз тіркесімен назар аудартқан: «Ұлы Билеуші, менімен тең бауырым».

¹ История Древнего мира. Древний Восток. Минск, 1998. С. 548.

² Бокшанин А. Г. Шығ. белг., 18 б.

Амарндық мұрағаттағы дипломатиялық дерек көздер тобы елшілердің одақтық, династиялық, сауда келісімдеріне қол қою үшін келіссөздер жүргізу, түрлі церемониалда өз елінің атынан болу, ақпарат жинақтау секілді функцияларын ашып көрсеткен. Жоғары кәсіптік қасиеттерімен, шет тілін білуімен көзге түскен жекелеген елшілер билеушілер тарапынан «дәрежесі бойынша тең және дос»¹ ретінде қабылданған. Амарн мұрағаттарында сенімхаттың үлгісі де сақталған.

Алдыңғы Азия елдерінде сыртқы істерді жүргізуші хатшы–администраторлардың арнаулы кеңсесі жұмыс істеген. Угарит мемлекетінде халықаралық келісімдерді сақтайтын арнаулы бөлме жабдықталған. Угарит елінде де өзге елдердегідей келісімге қол қояр алдында шарттардың қорғалуы және орындалуы үшін, жергілікті құдайлардың аты аталып отырған. Бұл мемлекеттерде шетелдік елшілерді қабылдауға үлкен көңіл бөлінген.

Мари мемлекетінде арнайы сарай соғылып, ол тақ [тұратын] залынан, жат жерлік елшілер бөлмесінен және дипломатиялық мұрағаттан тұрған.

Алдыңғы Азия елдерінің елшілері түрлі міндеттер атқарған. Олар: жолдауды тапсыру, бейбіт және одақтық, құпия келісімдер жасау, ақпарат жинау, белгілі бір тұлғалардың кері қайтарылуын талап ету, сыйлықтар беру.

Мари мемлекетінде миссия Хаммурапи патшасының сарайында он сегіз айдан екі жылға дейін жұмыс істеген және ішкі процестер туралы оған хабарлап тұрған дипломаттарға ғана жүктелген². Хаммурапи патшасының сарайына келген Зимрилим елінің дипломаттары – Қайта өрлеу дәуіріндегі Италияда құрылған тұрақты миссиялардан 3000 жыл бұрын саясат сахнасына шыққан тарихтағы белгілі резиденттер. Көне кезеңнің өзінде Мари елінің тұрақты елшілер контингенті болғандығы талассыз дерек екендігін атап өту қажет.

Мари елінің дипломатиялық хат жазысулары өзгелермен одақтасудағы проблемалар, дипломатиялық қауымдастық жаңалықтары, өздері жүрген мемлекеттердегі әскери әлеует және халықаралық жағдай туралы көрсетеді. Ярим–Адду, Ибал–пи–Ел,

¹ Moran W. R. The Amarna Letters. Baltimore: John Hopkins University Press, 1992. P. 93.

² Cohen R. Op. cit. P. 4

Саррум–андулли, Ясим–Хамму арасындағы мариоттық елшілердің корреспонденциялары сақталып қалған¹.

Осылайша Мысыр мен Алдыңғы Азия елдерінде белгілі бір дипломатиялық тәжірибелер түзілген және қалыптасқан. Атап айтқанда, олар бейбіт және одақтасу туралы жазбаша келісуді меңгергендікті көрсететін төмендегідей баптар болды: әскери көмек, ұсталған кепілдерді беру, халықаралық саудада көмек беру, саяси қашқындарды кері қайтару, салық төлеу, қандай да бір адамдар тобының өз елінің белгіленген жеріне тұруларына рұқсат беру және басқа да өзара міндеттемелер мен халықаралық коммерциялық келісімдер. Сол кездері соңғы келісімдерге маңызды орын берілгені сонша, саудагерлер соғыс кезінің өзінде де дұшпан қалаларында өз дербестіктерін [иммунитет] сақтап қалған².

Елшілердің жеке дербестігі жария етілген. Жаушылар мен елшілерге Мысырға вассал аймақтарынан кедергісіз өтуге рұқсат берілгені және өткендер туралы дереу мысырдың шекаралық бас сардарына хабарлау қажеттілігі айтылған құжат табылған. Құжатта олардан «ешқандай да кеден салығы не пара алынбау тиістілігі» баса көрсетілген³. Яғни дипломатиялық агенттерді барлық салықтан, ақша жиылымдары мен баж салықтарынан босатуды айқындайтын «Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының» 34 бабы көне кезден белгілі. Сол кездерде-ақ жаушылар мен елшілер белгілі бір жеңілдіктерге ие болған.

Алдыңғы Азияда дипломатияның дамуы елдер арасындағы сауданың дамуына әсер етті. Мұнда назарда ұстарлық жайт, қаралып отырған кезеңдегі дипломатиялық және сауда қызметі үшін елші мен саудагердің қосыла жүру практикасы болған. Олар бірге саяхаттап, сыртқы байланыстарды жүзеге асыруға қатысты тапсырылған жұмыстарды орындаған. Б. з. дейінгі XIV ғасырға қатысты амарндық дипломатиялық құжаттарда киприот билеушісі саудагерлері мен елшілеріне ешбір бөле қарамаған⁴.

Алдыңғы Азия елдері дипломатиялық қызметте өз тәсілдерін түзіп шыққандықтан, бұл мемлекетаралық байланыстарды

¹ Archives Royales de Mari 2, Paris, Imprimerie Nationale, (1950). 1988. P. 49.

² Ibid H. P. 145.

³ Moran W. R. Op. cit. P. 100

⁴ Ibidem. P. 112.

жеңілдеткен. Бейбіт қарым-қатынастарды сақтап тұру үшін, мемлекеттер дипломатияның белгілі бір рәсімдер мен уағдаластықтарға негізделіп, ұйымдастырылған тетіктер арқылы өтуі тиіс болған. Дипломатиялық тәжірибенің құралы ретінде хаттама қалыптасқан.

Шығыс елдерінде жалпыға ортақ дипломатия тілі – *lingua franca* болған. Ол кезде бұл рөлді аккад тілі атқарған. Сонымен қатар мемлекеттердің өзгелермен қатынасу жөнінің нормалары, келісімдердің жалпы танылған рәсімдері қолданылған. Ғылыми әдебиетте атап өтілетіндей, осы бір кең-байтақ аймақта дипломатия жүйесінің керемет дамуы және амарндық кезеңдегі оның ғажап үлгісі ежелгі грек дипломатиясы үшін қол жетпестей болып қалды¹.

Мысыр мен Алдыңғы Азия елдерінің саяси тарихы ұйымдасқан сыртқы саяси бастаулардың, дипломатиялық тәсілдер мен құралдардың, формалары мен әдістердің болғандығын көрсетеді.

Көне кезеңнің халықаралық практикасы дипломатиялық қызмет институттарын бейімдесе, дипломатиялық құжаттар дипломатиядағы жүйенің туындауы мен эволюциясын көруге мүмкіндік беріп тұр. Халықаралық қатынасты реттеу мақсатында өз дәуірінде көкейтесті нормалар да жасалып шығарылған.

Қаралып отырған уақыттағы Алдыңғы Азия елдерінің тарихы күдіретті Персиямен тығыз байланысты. Ахеменидтер жауларын іштен ірітуді жиі қолданып, егер жау жақтың бірімен табысты келіссөздер жүргізсе, екіншісіне әскери күш қолдану арқылы мемлекет ықпалын кеңейтуде белгілі жетістіктерге қол жеткізген. Парсылардың жақсы жабдықталған армиясының соққысы мен дипломатиядағы шеберліктерінен Вавилон, Мысыр, Ассирия елдері құлаған.

Персияда патшалық кеңсе басшылығындағы орталық аппарат құрылып, ол жерде атақты ақсүйектер, бірнеше тілді көшірушілер мен басқа да шенеуніктер жұмыс істеген.

Ахеменидтер кезінде *lingua franca* армия тілі рөлін атқара бастағандықтан, парсылар сол тілді өз империяларының бар аумағында жазбаша қатынасудың құралы ретінде тарауына ықпал

¹ Cohen R. Op. cit. P. 10

жасады. Көшіріп жазушылар биік дәрежеге ие болып, парсылар кеңсе мен мұрағаттың маңызын дұрыс түсінген¹. Ассирия мемлекеті тұсында пайда болып, Ахеменидтер кезінде жетілдірілген пошта қызметіне де айрықша орын бөлінген. Бұл қызмет жаушыларды патша жолдауы мен арнаулы нұсқаулығын аттандыратын кезде қолданылған.

Парсылар А. Македонскийді азиялық жорық кезінде таң қалдырған сарайшілік рәсім жүргізу салтын, символикалар мен ритуалдар түзіп шығарған. Бұдан әсерленген А. Македонский өзінің сарайшілік этикетіне проскинеза, рәсімді қоюшы лауазымы секілді парсылық элементтерді кіргізген.

Ахеменид патшалары елшілерді қабылдайтын сән-салтанатты залы бар жазғы және қысқы резиденциялар (Экбатан, Суз) соқтырған. Парсылар, әдетте, өз елшілерін әскери қимылдар басталар алдында жолдайтын. Мысалы, б. з. дейінгі 491 жылы Грекияға жорық қарсаңында парсы елшілері оларға «су мен жерді» беру талабын жеткізеді. Бұл гректердің парсы билеушісінің еркіне сөзсіз бас ұру дегенді білдірген. Алайда Афина мен Спарта масқаралаушы шарттарды қабылдамақ түтілі, елшілерді өлтіртіп тастаған. Парсылар жағы бұл оқиғаны елшілік иммунитетті дөрекі бұзу деп қарап, екі арада соғыс болмай қоймайтын күй орнаған.

Грек елшілері парсы елінде бірнеше мәрте болған. Б. з. д. 387 жылы барлық грек қалалары парсылармен келіссөздер жүргізу үшін өз елшілерін жіберуге мәжбүр болып, осының нәтижесінде грек тарихшылары «патшалық бейбітшілік» немесе Анталкид бейбітшілігі деп атап кеткен бейбіт келісімге қол жеткізген. Бұл – парсы дипломатиясындағы үлкен жетістіктердің бірі. Өйткені, келісім шарты бойынша Кіші Азиядағы грек қалалары Персияға кетіп, Пелопонесс одағынан басқа барлық грек одақтары таратылған. Парсылар негізінен гректердің әскери жорықтарына барынша мән бере қараған. Дипломатиялық дайындық грек полистеріндегі пропарсылық элементтерді сатып алу жолымен жүргізілген немесе Фессалия, Беотия жерлеріндегі алтынның көмегімен өздерін қолдауға қол жеткізген².

¹ Фрай Р. Наследие Ирана. М., 1972. С. 146.

² История Древней Греции. Под ред. В. И. Кузищина. М., 1986. С. 130.